

Қорғаныс министрлігінің Әскери-техникалық комиссиясын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 17 маусымдағы N 280

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріндегі босаған әскери мүлікті қысқарту, кәдеге жарату және сату мәселелерін шешу мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің Әскери-техникалық комиссиясы құрылсын /бұдан әрі - комиссия/.

2. Комиссияның негізгі міндеті - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің босаған әскери мүлкін қысқарту, кәдеге жарату және сату жөніндегі жұмысты ұйымдастыру және үйлестіру болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қысқартылған әскери мүлікті сатудан түскен түсімді Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің материалдық базасын нығайтуға бағыттауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Әскери-техникалық комиссиясы туралы ереже және объектілерді беру, жалға беру, босаған қару-жарақты, әскери техника мен басқа да әскери мүлікті кәдеге жарату мен сату тәртібін бекітсін;

әскери мүлікті сатудан және қорғаныс объектілерін жалға беруден түскен қаражатты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің материалдық базасын нығайту үшін қатаң мақсатты бағытта пайдалану жөніндегі тиісті шараларды қабылдасын.

5. Комиссия құрамына Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақстан Республикасы Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің және

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитетінің өкілдері кіруге тиіс деп белгіленсін.

6. Ұсынылып отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылған деп саналсын.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің
1996 жылғы 17 маусымдағы
N 280 өкіміне
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші
жойылған кейбір шешімдерінің
ТІЗБЕСІ

1. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1992 жылғы 24 желтоқсандағы N 394 өкімі.
2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1993 жылғы 15 сәуірдегі N 147 өкімі.
3. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1994 жылғы 7 қаңтардағы N 20 өкімі.
4. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1995 жылғы 11 қыркүйектегі N 340 өкімі.